

FTAMP 15.01.11

Ш.Т.Турдалиева¹ (orcid - 0000-0001-7296-5221),
Ұ.Ш. Жамирова² (orcid - 0000-0002-2316-5559),
В.Н.Сарбасова³ (orcid - 0000-0003-1934-325X)

¹Псих. ғылым. канд., доцент м.а., ²педагогика ғылым. канд., доцент м.а.,
³аға оқытушы, магистр

М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ., Қазақстан

e-mail: ¹chopik_74@mail.ru

ВИРТУАЛДЫ КЕҢІСТІК ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС СУБЪЕКТІЛЕРІ ПСИХОЛОГИЯСЫНЫҢ ӨЗГЕРУ МҮМКІНДІКТЕРІ

Аннотация. Мақалада қарым-қатынастың виртуалды кеңістік жағдайындағы қарым-қатынас субъектілері психологиясының өзгеру мүмкіндіктері туралы мәселе қарастырылған. Шетел және отандық ғалымдардың зерттеулеріне теориялық талдау жасалған. Мазмұнында қазіргі ақпараттық технологиялардың мүмкіндіктері, онлайн білім беру форматы үдерісінде адамдардың қарым-қатынас ерекшеліктері, тиімді қарым-қатынас жүйесін ұйымдастыру үшін оның қарым-қатынас психологиясы туралы білімдерінің, коммуникативті толерантты болуының маңыздылығы сипатталған. Зерттеу жұмысында виртуалды қарым-қатынас жағдайында адамдардың психикалық ерекшеліктерінің өзгеруін бақылау мақсатында онлайн форматта жүргізілген сауалнама нәтижесі беріледі. Зерттеу нәтижесінде білім беру үдерісі субъектілерінің виртуалды кеңістікте қарым-қатынас техникаларын меңгеруі, оларға психологиялық қолдау жұмыстарын ұйымдастыру олардың стресске төзімділігін, психикасының қалыпты дамуын, танымдық белсенділігін арттыруға көмек болатыны тұжырымдалған. Мақала соңында пандемия жағдайында адамдарға психологиялық көмек көрсету техникалары ретінде нейрогимнастика мен нейрографиканың да тиімділігі ұсынылған.

Тірек сөздер: виртуалды кеңістік, қарым-қатынас психологиясы, виртуалды қарым-қатынас, нейрогимнастика, нейрографика, ақпараттық технология.

Кіріспе. Психология саласында адамдар арасындағы қарым-қатынас оның жас ерекшелігіне, әлеуметтік ортасына қарай әртүрлі деңгей мен кезеңде дамыту мен қалыптастыруды қажет ететін құбылыс. Қарым-қатынастың үйлесімді ұйымдастырылуы немесе оның қиындауынан конфликтілі жағдайлардың пайда болуы бірлескен іс-әрекеттің нақты мақсаттарын жүзеге асыруында көрініс табады. Сондықтан, қарым-қатынас процесінде адамдардың өзара бірін-бірі қабылдауы, өзара бағалауы, серіктестердің әңгімелесу стильдері мен өзара әсерлесуін реттеу арқылы ақпарат алмасуы.

Жалпы ғылымда қарым-қатынас мәселесінің мағынасы мен мәнін, адамның жасерекшелік дамуындағы маңыздылығын, қолданылу аясының бағыттары туралы шетел психологтары (Г.М.Андреева, А.Б.Добрович, А.А.Бодалев, Б.Г.Ананьев, М.И.Лисина, А.А.Леонтьев, Б.Ф.Ломов, В.А.Кан–Калик және т.б.) және отандық ғалымдардың (С.М.Жақыпов, С.Қ.Бердібаева, Х.Т.Шерьяданова, Н.Қ.Тоқсанбаева, Ұ.А.Уақбаева, М.Еркінбекова және т.б.) еңбектерінде жан-жақты қарастырылған.

Е.В.Арсентьева мен Ю.М.Чукмарованың пікірінше, қарым-қатынас арқылы адам өзінің пікірін танытады, сезімін білдіреді, басқалармен араласады. Сондықтан, қарым-қатынас біздің өмір сүруіміздің негізгі [1].

Қарым-қатынас виртуалды әлемде адамдардың белсенділігін арттырады. Жалпы виртуалды қарым-қатынас телекоммуникациялық жүйелер арқылы қатынас жасайтын байланыс түрі. Қазіргі таңда адамдар арасындағы виртуалды қарым-қатынастың жағымды және психикаға кері ықпал ететін жақтары да анықталған. Пандемия жағдайында адамдар арасындағы қарым-қатынас виртуалды түріне ауысты. Оның шынайы қатынас жасау үдерісімен салыстырмалы түрде бірқатар ерекшеліктері бар. Шынайы жағдайдағы адамдар арасындағы қарым-қатынастың басты мақсаты - өзара түсіністікке қол жеткізу. Бірақ мұны орындау оңай жұмыс емес. Қарым - қатынас жасау өнерінде сөйлесіп отырған адамды тыңдап, түсіне білудің маңызы зор. Адамдарға өз ойыңыз бен пікірлеріңізді түсіндіре отырып, сіз көптеген түсініспеушілік, ұрыс-керіс пен жанжалдың алдын ала аласыз. Сұхбаттасушымен бетпе-бет сөйлесу кезіндегі шынайылық көбінесе қақтығысты жағдайдан шығудың бірден - бір жолы болып табылады. Олар бір-бірімен эмоционалды байланыс орнатады, қол алысады, жымыяды және т.б. Сондықтан пандемия жағдайындағы жаңа ортада қалыпты жұмыс жасау үшін үш мәселені шешу маңызды: шынайы қарым-қатынасты ұйымдастыру, эмоционалды байланыстың маңыздылығын түсіну. Бұл виртуалды қарым-қатынастың үйлесімділігін қалыптастырады.

Қарым-қатынас еңбек пен танымның жиынтығы ретінде сананың дамуына сүйеніп, адам іс-әрекеті түрінің маңызды триадасына кіреді. Қарым-қатынас адам және тұлғааралық қатынас туралы ақпарат тасымалдап, тұлғаның ішкі дүниесінің өзгеруіне мүмкіндік туғызатын адам іс-әрекеті мен мінез-құлқын реттейтін, коммуникация құралы болып табылады [2]. Мұнда қарым-қатынас коммуникативтік қызмет атқаратындығы туралы айтылады.

Зерттеу шарттары мен әдістері. Виртуалды қарым-қатынас – әлеуметтік желі және компьютер, телекоммуникация жүйесі арқылы жүзеге асырылатын коммуникацияның жан-жақтылығы. Виртуалды қарым-қатынастың пайдасы да сәйкесінше зияны да бар.

Виртуалды қарым-қатынастың пайдалы жақтары: байланыс орнату мен қатынастың еркіндігі. Қарым-қатынасты кез келген уақытта тоқтата алу мүмкіндігі. Ал оның минустары: вербалды емес коммуникацияның жоқтығы. Ол серіктеспен интонациясы, ым-мшарасы арқылы тану, бағалау және қабылдау процесінің жоқтығы.

Виртуалды және шынайы өмірдегі қарым-қатынасқа ортақ принциптер: екі серіктерсте тең, олардың арасында диалогты қарым-қатынас жүреді. Сондықтан, адамды адамның қабылдауы – бұл бір адаммен басқаның тікелей көркем–бейнелі бейнеленуі, қарым–қатынас процесі. Индивидте нақты тұлға туралы жинақталатын түсінік сол адамның белгілерін жалпылама белгілейтін, оны еңбек, таным және қарым–қатынас субъектісі ретінде сипаттау туралы оның сана-сезімінің де өзгеруіне ықпал етеді.

Кез келген іс-әрекет көлемі жағынан қаншалықты болса, қарым-қатынаста соншалықты көп қырлы және әртүрлі болып келеді. Кәсіби іс-әрекетте оның мәдени деңгейін негіздейтін қарым-қатынасқа итермелейтін талаптарды құрайды. Профессор С.М. Жақыпов оқыту-тәрбие процесінің тиімділігі мәселесін нақтылау үшін негізгі деңгейде қарастыра отырып, оның психологиялық мазмұнының ашып көрсетті [3]. Ол психологиялық көзқарас тұрғысынан кез-келген педагогикалық жағдайды ең алдымен, тұлғалардың

өзара әрекеттестігі, ал содан соң белгілі әлеуметтік рөлдердің иелері ретінде мұғалім мен оқушы, оқытушы мен білімгердің және т.б. өзара әрекеттестік ретінде қарастырды.

Ересектерді бірден үйде оқшаулану режимінде жұмыс жасауы, білім алушылардың да қашықтықтан оқуы және виртуалды байланыстың өзінің күрделенуіне де әкелді. Әрине жастар үшін мұндай байланыстың қиындығы шамалы болды. Олар тек интернет желісінің нашарлығына ғана шағым білдірді. Бұл виртуалды қарым-қатынас әсересе ересек адамдардың тұлғалық қасиеттеріне тікелей кері ықпал етті. Әлеуметтік желідегі белсенділігінің төмендігі, компьютерді меңгеру сауаттылығының аздығы сияқты жағдайлар жиі кездесті. Пандемия қол алысып амандасуды да тоқтатты. Әрине бұл адамның қарым-қатынасқа түсу процесіне әсер етпей қоймайды. Өйткені әр ұлт өзінің амандасу, қоштасу сияқты дәстүрлерімен ерекшеленді. Адамдар тек телефон арқылы көп сөйлесе бастады.

Қарым-қатынас – мазмұны бірлескен іс-әрекет үшін қолайлы жан-жақты ақпараттарымен алмасуы және бір-бірін өзара түсінісуі болатын тұлғалардың өзара әрекеттесуі. Олай болса қарым-қатынас мінез-құлқы ұйымдастыру тәсілі ретінде серіктесінің мінез-құлқын ұйымдастыруға бағытталған іс-әрекеттен сырттай хабардар болуы мүмкін [4]. Қарым-қатынастың бұл түрі өзара әрекеттесуімен сипатталады. Қатынастардың тағы бір түрі - бұл ішкі қатынастар, олар қарым-қатынасты бастаушы ретінде олардың мінез-құлқын ұйымдастыруға бағытталған жеке өзін-өзі ұйымдастыру әрекеттерімен сипатталады.

Бүгінгі таңда виртуалды қарым-қатынас процесін жан-жақты зерттеу үшін түрлі әдістемелер құрылып, тәжірибеден өткізілуде. Жалпы оқытушы мен студент арасындағы бірлескен танымдық іс-әрекеті қарым-қатынас процесінде жүзеге асырылады. Қазіргі таңда онлайн форматындағы білім беру үдерісінде басқа адамды қабылдау, оның сыртқы белгілерінің көрінуі, индивидтің олардың жеке қасиеттерімен қабылдайтын қатынасы және оның ішкі әлемі мен мінез-құлқын сол негізде түсінуін жүзеге асырылуы қарым-қатынас процесінде кейбір қиындықтарға әкелді. Өйткені онлайн оқыту үдерісіне қатысушы субъектілердің арасында байланыс орнату мен оны дамыту олардың бірлескен іс-әрекет қажеттілігі.

Зерттеу нәтижелері. Оқытушы мен студенттердің виртуалды қарым-қатынас ерекшеліктері, оның адамның психикасына қаншалықты әсерлі болғанын анықтау мақсатында онлайн форматында сауалнама жүргізілді.


Сауалнаманың мазмұны 6 сұрақтан тұрады. Әр сұрақтың мазмұны бойынша қатысушы өзінің таңдауын белгілейді. Сауалнамаға 150 респондент (студенттер, магистранттар, профессор-оқытушылар құрамы) қатысты.

Мәселен, «Ақпараттық технологиялардың адамдардың қарым-қатынасына әсер етеді ма?» - деген сұраққа 127 респондент «иә» (84,6%), «жоқ» деген жауапты 23 респондент (15,3%) берді. Екінші, «иә» жауабын 80%, ал қатысушылардың 20% «жоқ» деген жауапты «Виртуалды қарым-қатынастың адамдардың психологиясында өзгерістер болады ма?» сұрағында көрсетілді. Сауалнаманың келесі «Онлайн білім беру үдерісінде Сіз қарым-қатынас қиындығын сезіндіңіз бе?» - сияқты сұраққа сауалнамаға қатысушылар 42% - деген жауап «иә», 58% «жоқ» деген жауап берілді. Осы сауалнаманың алғашқы 3 сұрағына берілген респонденттердің жауабы төмендегі 1-суретте сипатталды.



Сурет 1. Сауалнаманың көрсеткіштері


Ал, «Виртуалды қарым-қатынаста ым-ишара тілінің маңыздылығы қандай?» - деген сұраққа респонденттердің білім берудің жаңа форматына бейімделу барысында виртуалды қарым-қатынас туралы көрсеткіштері бойынша «өте жақсы» (29,4%) және «қанағаттанарлық» (21,5%) жауаптарына қарағанда «жақсы» (49,1%) жоғары пайызды көрсетті.



Сурет 2. Сауалнаманың көрсеткіштері.

«Әлеуметтік оқшаулану кезінде өзіңіздің психологиялық күйіңізге сипаттама беріңіз?» сұрағына төмендегі түсініктердің бірін таңдау арқылы өзінің пікірін білдіреді.

- қобалжу;
- жалғыздық;
- сабырлылық;
- ешқандай өзгеріссіз.



Сурет 3. Сауалнаманың көрсеткіштері

Сонымен қатар, «Витруалды қарым-қатынас жасау арқылы қандай тәжірибе алдыңыз?» сұрағына қатысушылар онлайн білім беру жүйесінде игерген біліктері туралы мәлімет береді. Олар:

- ақпараттық құзыреттілік;
- қарым-қатынас тәжірибесі;
- жаңа мүмкіндіктер;
- стресскөзімділік;
- толеранттылық;
- вербалды қарым-қатынастың маңыздылығын түсіну;
- жақындардың амандығы.

Ғылыми нәтижелерді талқылау. Виртуалды қарым-қатынаста ұйымдастырылатын бірлескен іс-әрекетті қалыптастыру мәселесін қарастыруда психикалық процестің дамуы өзара байланыста жүреді. Осы байланыстардың маңыздылығы туралы психолог С.М.Жақыповтың айтуынша, адамдардың мақсатты қарым-қатынасына негізделген психикалық процестердің дамуы. Бірлескен диалогтық танымдық белсенділікті қалыптастыру, субъектілердің өзара әрекеті (бірлескен іс-қимыл) және т.б. қарым-қатынас процесінде жүзеге асырылады [5].

П.Уоллейстің пікірінше, интернет адамдарға сүйікті істерін демеп отыруды жеңілдетеді. Ол үшін кейде ұйымның әлеуметтік желідегі сайтына лайк басу да жеткілікті [6]. Бұл адамдардың виртуалды қарым-қатынас үдерісінде бір-біріне қолдау көрсету белгілері.

Онлайн оқыту адамдардың шынайы қарым-қатынас процесінің төмендеуінен стресс, жалғыздық, күйзеліс және т.б. сияқты психикалық өзгерістерге ұшырайды. Біз осы пандемия жағдайында адамдардағы жылғыздық, стрессті алдын алу, психологиялық қысымды төмендетуге, стресстің алдын алуға және одан шығуға бағытталған психологиялық қолдау қызметін ұсындық. Ол бірлескен іс-әрекет барысында психотехникалар қолдану. Мысалы, қазіргі кезде нейрогимнастика және нейрографикалық әдістер кеңінен қолданылады. Мысалы, нейрографика - бұл сурет салу арқылы өмірлік мәселені шешуге көмектесетін әдіс. Бұл әдісті Ресейдің практик-психологы 2014 жылы П.Пискарев ұсынған. Адам қысым көргенде, ол бейсаналық түрде қағазға әртүрлі фигуралар мен сызықтар салады.

Психолог проблеманы басқа қырынан қарауға, оны шешуге, эмоцияларды басқаруға және стресстен арылуға мүмкіндік береді.

Сол сияқты психологиялық қызметте, нейрогимнастика техникасы да кеңінен қолданылады. Ол адамның миын белсенді етуге көмектеседі. Нейрогимнастиканы қолдану адамның есте сақтау қабілетін, көңіл-күйін, сөйлеу қабілетін, кеңістіктік көруін, ұсақ және жалпы моторикасын жақсартады, шаршағыштықты азайтады және еркін басқару қабілетін арттырады. Осы себепті нейрогимнастика ми жаттығулары деп аталады. Бұл жаттығулар оң және сол жақ ми жарты шарларының жұмысын жақсартады. Жалпы және ұсақ моториканы дамытады. Бұл адамның ақпаратты алу және оған жауап беру, реакция жасау, зейін қою, есте сақтау қабілетін дамытады.

Психология мен нейрофизиология саласындағы зерттеулер белгілі бір физикалық қозғалыстар адамның ақыл-ойының дамуына әсер ететіндігін көрсетті. Нәтижелер негізінде жаңа жүйе пайда болды, ол ақыл-ой мен дене арасындағы байланысты зерттеуге және физикалық қозғалыс арқылы ми жұмысын оңтайландыруға бағытталған білім беру кинезиологиясы. Педагогикалық кинезиологияның теориялық негізінде американдық психологтар Пол мен Гейл Деннисон нейрогимнастика - ми гимнастикасы бағдарламасын жасады. Бұл қозғалыс пен ойды біріктіретін жаттығулар арқылы мидың табиғи механизмдерін іске қосу тәсілі.

Арнайы таңдалған жаттығулар арқылы дене оң және сол жарты шарлардың жұмысын үйлестіріп, дене мен ақылдың өзара әрекеттесуін дамытады. Нейрогимнастикалық жаттығулардың әрқайсысы мидың белгілі бір бөлігін ынталандырады және ой мен қимылды үйлестіру механизмін қамтиды. Нәтижесінде, жаңа оқу материалы жан үшін де, дене үшін де біртұтас және табиғи құбылыс ретінде қабылданады, сондықтан ол жақсы есте сақталады. Сонымен қатар, миға арналған жаттығулар моторлық координация мен психофизикалық функциялардың дамуына ықпал етеді.

Қорытынды. Бірлескен іс-әрекет саласында біріккен басқа адамдардың өзіне қалай қатынас құратындығын өзі үшін объект болып табылады. Басқа адамдармен жағымды өзара әрекеттесуі үшін серіктес оның қандайда бір әрекетіне қалай реакция білдіретінін алдын ала білу қарым-қатынас үйлесімділігіне себеп болады. Кез келген оқу процесі, ол дәстүрлі, аралас немесе қашықтықтан болса да сол бірлескен іс-әрекетке қатысушы тұлғалар оқытушы мен білім алушылар. Бірлескен іс-әрекетте екі жақты жаңа құзыреттіліктер мен біліктерді игереді. Өйткені білім алушы үшін лекция ол жаңа тақырып немесе практикалық сабақ өзінің білімін көрсету, сол үшін бағалану.

Дегенмен, аталмыш процесс бірлескен іс-әрекет барысында адамдардың қарым-қатынас жаау мүмкіндіктерін дамытуды кеңейту және оған маңызды мән беру қажет деген тұжырым жасай отырып, тәжірибелік бақылауға алу қажеттілігін туындатады. Бірлескен іс-әрекеттегі қарым-қатынастың тиімділігіне, соның ішінде виртуалды қарым-қатынас адамның психикасына, әлеуметтенуіне, өзіндік сана-сезімнің өзгеруіне де тікелей әсер етеді. Демек, сауалнама нәтижелері бойынша виртуалды қарым-қатынас, онлайн, қашықтан оқыту барысында адамның стресске түспеуі, өзара қарым-қатынасты жақсарту екі жақты бірлескен іс-әрекеттің ерекшеліктеріне байланысты болады, әйтсе де адамның жеке психикалық таным дүниесі ерекшеліктерінің де әсері бар. Ал бірлескен іс-әрекет барысында өзгеріске ұшырау динамикасын тәжірибелік зерттеу кезеңдерінде бақылауға алу қажет деген тұжырым жасалды.

Әдебиеттер тізімі

1. Арсентьева, Е.В. Психологические аспекты предпочтения реального и виртуального общения [Текст] / Е.В. Арсентьева, Ю.М.Чукмаров // Вестник Московского университета. - 2011. - №2. – С. 127-131.
2. Тимофеев, Ю.П. Профессиональное общение и его развитие с помощью видеотренинга [Текст]: автореф. дисс... д-ра псих.наук: 19.00.05: защищена 22.05.1994; утв. 15.07.1994 / Ю.П.Тимофеев. – М., 1994. - 42 с.
3. Джакупов, С.М. Управление деятельностью студентов в процессе обучения [Текст]: учебное пособие / С.М. Джакупов. - Алматы: Қазақ университеті, 2002. -117 с.
4. Турдалиева, Ш.Т. Қарым-қатынас тұлғаны әлеуметтендірудің тиімді құралы [Мәтін]: монография / Ш.Т.Турдалиева. – Тараз: Тараз университеті, 2019. – 211 б.
5. Джакупов, С.М. Психологическая структура процесса обучения [Текст]: учебное пособие / С.М. Джакупов. - Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 308 с.
6. Уоллейс, П. Интернет психологиясы [Мәтін]: оқулық / П.Уоллейс. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы қоғамдық қоры, 2019. – 356 б.

Материал редакцияға 17.03.21 түсті.

Ш.Т.Турдалиева , У.Ш. Жамирова , В.Н. Сарбасова

Таразский региональный университет имени М.Х.Дулати, г. Тараз, Казахстан,

ВОЗМОЖНОСТИ ИЗМЕНЕНИЯ ПСИХОЛОГИИ СУБЪЕКТОВ ОБЩЕНИЯ В ПРОЦЕССЕ ВИРТУАЛЬНОГО КОНСУЛЬТИРОВАНИЯ

Аннотация. В статье рассматривается проблема возможности изменения психологии субъектов общения в контексте виртуального пространства общения. Сделан теоретический анализ исследований зарубежных и отечественных ученых. В содержании описаны возможности современных информационных технологий, особенности общения человека в процессе онлайн-обучения, важность его знания психологии общения, коммуникативной толерантности для организации эффективной системы общения. В исследовании представлены результаты онлайн-опроса по отслеживанию изменений психических характеристик людей в контексте виртуального общения. В результате исследования был сделан вывод, что овладение приемами общения в виртуальном пространстве субъектов образовательного процесса, организация им психологической поддержки будет способствовать повышению их стрессоустойчивости, нормальному умственному развитию, познавательной активности. В конце статьи представлена эффективность нейрогимнастики и нейрографии как методики психологической помощи людям в условиях пандемии.

Ключевые слова: виртуальное пространство, психология общения, виртуальное общение, нейрогимнастика, нейрографика, информационные технологии.

Sh.T. Turdaliyeva, U.Sh. Zhamirova, V.N. Sarbasova

Taraz Regional University named after M.Kh. Dulaty, Taraz, Kazakhstan

POSSIBILITIES OF CHANGING THE PSYCHOLOGY OF COMMUNICATION SUBJECTS IN THE PROCESS OF VIRTUAL CONSULTING

Abstract. The article discusses the problem of the possibility of changing the psychology of subjects of communication in the context of the virtual space of

communication. A theoretical analysis of the research of foreign and domestic scientists is made. The content describes the possibilities of modern information technologies, the features of human communication in the process of online learning, the importance of his knowledge of the psychology of communication, communicative tolerance for organizing an effective communication system. The study presents the results of an online survey to track changes in the mental characteristics of people in the context of virtual communication. As a result of the study, it was concluded that mastering the methods of communication in the virtual space of the subjects of the educational process, the organization of psychological support for them will help to increase their stress resistance, normal mental development, and cognitive activity. At the end of the article, the effectiveness of neuro-gymnastics and neurography is presented as a method of psychological assistance to people in a pandemic

Keywords: virtual space, psychology of communication, virtual communication, neuro-gymnastics, neurographics, information technology.

References

1. Arsenteva, E.V., Chýkmarova, Yu.M. Psihologicheskie aspekty predpochtenia reálnogo i virtýalnogo obsheniya [Psychological aspects of preference for real and virtual communication] // Moscow University Bulletin. - 2011. - No. 2. - PP. 127-131 [in Russian].
2. Timofeev Yu.P. Profesióalnoe obshenie i ego razvitie s pomóshú videotreninga [Professional communication and its development through video training]: authoref. dis. Doctor of Psychology: 19.00.05: protected 05.22.1994: approved. 15.07.1994 / Yu.P. Timofeev - Moscow, 1994. - P. 42 [in Russian].
3. Jakýpov, S.M. Ýpravlenie deiatelnóstú stýdentov v prosese obýcheniya [Management of student activities in the learning process]: tutorial / S.M.Dzhakupov - Almaty: Kazakh University, 2002. P. 117 [in Russian].
4. Týrdalíeva, Sh.T. Obshenie - effektivnyy instrýment sotsializatsii cheloveka [Communication is an effective tool for human socialization]: monograph / Sh.T.Turdalíeva - Taraz: Taraz University, 2019. P.211 [in Kazakh].
5. Jakýpov, S.M. Psihologicheskaya strúktúra prosesa obýcheniya [The psychological structure of the learning process]: tutorial. - Almaty: Kazakh University, 2004. P. 308 [in Russian].
6. Ýolleis P. Internet psihologiya [Internet psychology]. - Almaty: Public Fund "National Translation Bureau", 2019. P. 356 [in Kazakh].